# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 12 (174), 2022
Желтоқсан
Декабрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

**А. Байдилдаева**
Тәрбиенің көзі – ұлттық құндылықтар ........ 3
**Ж. Ануарбекова**
Бейіндік оқытудағы пәндердің интеграциясы – заман талабы........ 5
**Э. Ивышева**
Қазақтың ұлттық ойындары арқылы салауатты өмірге тәрбиелеудің мүмкіндіктері........ 11
**А. Шамшадинқызы**
Орта мектепте Ахмет Байтұрсыновтың идеясымен жаңартылған білім мазмұнының үндестігі........ 13
**М. Жаманкулова**
Дәуірдің дара тұлғасы А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш........ 17
**А. Аман**
Сөйлеу тілі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың көру-моторикалық координациясын дамыту ерекшеліктері ........ 21
**Ж. Темірбаева**
Аутизм балалармен коррекциялық жұмыс ........ 25
**Л. Жувак, Н. Живило**
Интегрированный урок немецкого языка ........ 28
**К Зейнуллин**
Қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы мен материалдарын зерделеу. Торсық жасау технологиясы ........ 32
**С. Курмангалиева**
Риски и опасности в искусственной среде........ 35
**В. Қайрова**
Блиц-викторина для 4 классов Enjoy English ........ 39
**А. Ережепова**
Enjoy English........ 42

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Педагог LTD» ЖШС**

Редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
**журналы**

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 26.12.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
**pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал «Rado Print» баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа:
## Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

**Ә. Дүйсебек** — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 26.12.2022 г.
Печать цифровая.
Заказ 322.

Подписной индекс: 75488
Адрес редакции:
050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб.т.: 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал напечатан в типографии «Rado Print».
Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

# Тәрбиенің көзі – ұлттық құндылықтар



**Аяжан Турбековна БАЙДИЛДАЕВА,**
**Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.**
**Алматы қаласы.**

Жас ұрпақ тәрбиелеуде білім беру жүйесінің басты міндеті өз елінің ұлтжанды азаматын тәрбиелеу. Оқушыларға ұлттық тәрбие құндылықтары негізінде білім мен тәрбие беру зерттеу мәселесінің өзектілігі.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз сапалы білім, саналы тәрбие беруді ұлттық тәрбиеден қарастыруды тиімді деп есептеуіміз қажет. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс европа мен американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орыны ерекше екені белгілі. Осыны ескере келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысу керек.

Бүгінгі күні барша қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндет білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдарды ұлттық тәрбие құндылықтарымен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіндік ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру.

Себебі Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан ұлттық тәрбие негізінде оқушылардың бойына ұлттық сезімді қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану.

Оқушылардың ішкі дүниесін, оның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Қазақ этнопедагогикасының бұл арада ерекше мүмкіндіктері бар. Өйткені оның мазмұнында ұлттық құндылықтар жарасымды үйлесім тауып жатады. Мұның өзі халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы –адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден терендеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда. Егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық тәрбиесі айқын көрінуге тиіс.

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Оқушыларға ұлттық тәрбие

беру кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілік пен дамып, қалыптасады.Қазақ этнопедагогикасы – өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан оқушылар ұлттық тәрбие құндылықтарымен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие беруіміз керек.Ұлттық тәрбие құндылықтар құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих,ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тағы басқалар. Әлемдегі барша халықтың өкілдері – өз бойындағы барлық асыл қасиеттері мен құндылықтарын өскелең ұрпағының санасына сіңіруді ғұмыр бойына мақсат етіп келеді. Классикалық жазба әдебиет пен халықтық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тартымды кейіпкерлердің бойындағы ізгілік, махаббат, бақыт, өмір мен бостандық үшін күрес, әділдікті, шыншылдықты, адалдықты жақтау, елін, жерін сүю, еркіндік пен адам құқын қорғау, біріншіден әр ұлттың бойындағы бар асыл қасиет болып саналса; екіншіден ол барлық ұлттарға, бүкіл өркениетті адам баласына тән гуманистік қасиет.Өскелең ұрпақтың өзінің туған Отанына деген шынайы сезімі, ұлттық мақтанышы, азаматтық жауапкершілігінің оянуы – ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асары һақ.

# Бейіндік оқытудағы пәндердің интеграциясы – заман талабы

Қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі – бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Осыған орай, баланың дамуындағы маңызды рөлді мектеп атқарады. Нақты осы жерде бала жан-жақты дамитын, өз сезімі мен ойын ашық жеткізуге үйренетін, адам бойында табиғат берген шығармашылық қабілетін жүзеге асыра алатын, балаға қажетті психологиялық тұрғыдағы институттың қалыптасуы маңызды.

**Сондықтан бейіндік оқыту бағытындағы мақсатымыз:** бейімді-бағдарлы оқытудағы оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына барлық оқыту сатысында жағдай жасай отырып, олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуін қамтамасыз ету.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін, сапалы оқытуды ұйымдастырудағы жұмыс жүйесінің қалыптасуы қажет. Жұмыс моделі негізгі 3 бөлімнен тұрады:

1. **Бейіндік оқытудың теориялық-әдіснамалық қамтамасыздығы;**

2. **Бейіндік оқытудың құқықтық-нормативтік қамтамасыздығы;**

3. **Бейіндік оқытудың ұйымдық-педогогикалық қамтамасыздығы;**

4. **Бейіндік оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы.**

**Нәтижесі:** Білім беру мазмұның саралау, интеграциялау және кәсібилендіру негізінде оқыту іске асырылады.

1. **Теориялық-әдіснамалық қамтамасыздығы** аясында педагогика тәжірибесінен оқытудың концепцияларын зерттеп келеміз (саралап оқыту, тұлға дамуындағы даралау).

2. **Құқықтық-нормативтік қамтамасыздығы аясында** ҚР Бейіндік оқыту тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, бейіндік оқытуды жүзеге асырудың іс-әрекет жоспарын бекітеміз.

3. **Бейіндік оқытудың ұйымдық-педогогикалық қамтамасыздығы** шенберінде бейіндік оқытудың оптималды құрылымын таңдаймыз:

құрылымның айқындалуы: бір бейінді (қазіргі таңда физика-математикалық) және көп бейінді оқытуды ұйымдастыру, келешекте – биология-экологиялық бейінің ашу.

4. **Бейіндік оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы аясында**: білім мазмұнын іріктеудегі оқу жоспарындағы бейіндік пәндерді құрастырылған авторлық қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламасы арқылы оқыту және арнайы курстар мен өзіндік білім алу аясында педагогтардың әдістемелік даярлығын жетілдіру.

***Бейіндік білім беру бағытындағы оқу жоспарын жасауда ұстанатын қағидалар:***

1. **Мектептің бейінің анықтау:** әлеуметтік-психологиялық зерттеулер (Оқушының бейімі, оқушының және ата-ананың сұранысы) мен мектеп мүмкіндігін (материалды-техникалық базасы мен ұстаздардың кәсіби сапалығы) саралау арқылы қосымша білім бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады: физика-математикалық бейінге сәйкес мектепте 3 жылдық апробациядан өтіп, облыстық сараптама кеңесінде қорғалып, қолданбалы және таңдау курстары Физика, математика, информатика, биология, химия пәндерінен интеграцияланған авторлық бағдарламалар негізінде жүргізіледі.

2. **Бейіндік оқытуды жоғары оқу сатысында жеңілдету** үшін бейін алды даярлық жұмысы бастауыш және орта буында үнемі және жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Мысалы, бастауыш буында дүниетану пәнін оқытуда кеңінен жоба технологиясы қолданысқа еңгізілсе, ортанғы буында оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оқу-тәрбие жоспарындағы факультатив, үйірме және секция бағыттарын дамыту арқылы іске асады.

**Мектептің тұрақты дамуы педагогикалық** кадрлардың тұрақтылығы мен кәсіби сапалығына тікелей байланысты, соңғы 2 жылда сапалық құрам 9% өскен.

Бейіндік оқытудағы дарынды оқушылармен жұмыс бағыты ерекше, себебі бүгінгі таңда академиялық дарындылықты танытқан оқушы – болашақта Еліміздің көшбасшысы, ғылыми жаңалықтардың авторы, жоғары кәсіби маманы.

**Соңғы екі жылда бейіндік оқытуымыздың тиімділігі артқан – әлеуметтік-психологиялық бағытындағы кәсіби мамандардың келуі.**

Мектеп психологы Кудесова Назира Серікбайқызының оқушылар контингентің зерттеу нәтижесінде дарынды оқушылардың саны мектеп бойынша артылып, дарынды оқушылардың резерві құрылып, дарындылықтың түрлері ашылды: (көшбасшылық, академиялық, зияткерлік, шығармашылық, т.б. сияқты) дарынды оқушылармен жұмыс бағытының салалары да кеңейді. Себебі, жас ерекшеліктеріне сай психологиялық зерттеулер жүргізіліп, оқушылардың танымдық, логикалық ойлау, зейін қабілеттері мен мінез-құлықтарының түрлері анықталды.

Анықталған дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін, оларға үнемі жыл бойы қолдау мен жетекшілік жұмыстары жүргізіледі: **Психологиялық профилактика** дамыту мен ескерту бағыты, **психологиялық коррекция** түзету жолдары арқылы, **психологиялық ақыл-кеңес** жеке және топтық жұмыс арқылы, **психологиялық сауаттандыру** пән мұғалімдеріне бейіндік оқытуды жүзеге асыру үшін.

**10-11 сыныптарда бейіндік оқыту толықтай қамтылған авторлық қолданба және таңдау курстарының бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады:**

11-сыныпта «Алгебра. Есептер шығару техникасы» Шинтемирова Амина Камешқызының таңдау курс бағдарламасы.

10-сыныпқа арналған «АШТМЛ тілі және ФРОНТ- ПЕЙДЖ бағдарламасын терең оқытуға арналған Баяханов Оразбек Дүзелұлының қолданбалы курс бағдарламасы. Осы бағдарламаны негізінде жасаған Жапарова Гүлнәр Аманжолқызының ҰБТ физика пәнін таңдаған оқушыларға арналған «ҰБТ тапсырушысына көмекші» электронды оқу құралы.

10-11 сыныпқа арналған Мустафина Рыскүл Сабенқызының «Химиялық есептің физикалық және математикалық негіздері» қолданбалы курс бағдарламасы.

8-9 сынып оқушыларының бейорганикалық химиядан білімдерін дамытуға арналған Нұрмағанбетов Қайыржан Рақымжанұлының дидактикалық кешені.

Оқушылардың дарындылық қабілеттерін дамыту үшін, қолайлы ортаны жасау мақсатында **«Дарынды оқушылармен жұмыс» бағытының жұмыс моделі** құрастырылған. Жұмыс жүйесі басқару, мазмұндық, құрылымдық, нәтижені бағалау бөлімдерінен тұрады. Барлық бөлімдер бекітілген жұмыс ережесіне негізделіп, жоспарлы түрде және озара байланыста жұмыс жасайды. Жұмыстың тиімділігі дарынды оқушылардың 3 жылдық жетістіктер мониторингісінде көрінісін табады.

Дарынды оқушының тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу үшін оқыту мен тәрбие үрдістері қатар жүргізіліп қоймай, кіріктірілген түрде іске асыру үшін, **«Дарын иесін тәрбиелеудегі жұмыс»** моделі жасалған.

Жұмыс бағытын қорытындылау мақсатында дарынды оқушылардың деректі базасы құрылып, жылдық рейтингісі шығарылады. Рейтинг нәтижесінде дарынды оқушылар **«Дарын иесі», «Жыл көшбасшысы», «Спорт тарланы», «Жыл оқушысы»** атақтарын иеленеді.

**Бейіндік оқытудағы дарынды оқушылардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіру** үшін мектепте дарынды оқушылардың «Атамекен», «Зерде», «Айбын» қоғамдастықтары құрылған.

«Атамекен» ұйымы көсбасшылық қабілеттері жоғары, белсенді, шығармашыл оқушыларды өз қатарына қосқан, «Зерде» оқушылардың ғылыми қоғамы академиялық және зияткерлік қабілеттері бар балаларды біріктірген, ал «Айбын» әскери-патриоттық клубы спортпен шұғылданатын, белсенді оқушыларға арналған.

Әр ұйымның бекітілген ережесі, жұмыс жоспары, оны жүйелі түрде іске асыратын ұйымдастыру кеңесі, басқару орталықтары құрылған, арнайы төс белгілері, ұраны, формасы жасалған.

***2006 жылдан бастап мектептің*** оқу-тәрбие үрдісіне халақ педагогикасының тәрбие ұстанымына негізделген және оқу-тәрбие үрдісіндегі сыныптан тыс жұмыстарының ерекшеліктерін ескерген республикалық ғылыми-әдістемелік «АТАМЕКЕН» бағдарламасы табысты енгізілген болатын.

АТАМЕКЕН» бағдарламасы мектепте 31 бағыт бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаға сәйкес мектепте «АТАМЕКЕН» атты кеңес құрылған, оның құрамына 8-11 сынып оқушылары, пән мұғалімдері және әдістемелік бірлестік жетекшілері кіреді.

Барлық сыныптар буын бойынша шығармашылық топтарға біріктіріліп, бағдарламаның бөлімдеріне бөлінген:

1-4 бастауыш сыныптары «Балдырған» тобы «Бүлдіршіндер ата-бабалар әлемінде» атты бөлімі; орта буын (5-8 сынып) «Мұрагер» тобы «Ұлан, оян!» бөлімі; 9-11 сынып «Мирас» тобы «Мұра» бөлімінде.

Оқу жылының ішінде сыныптар өз бағыттары бойынша жұмыс жасай отырып, іс-шаралардың жоспарын құрастырады. (әр айға бір ашық іс-шара). Жұмыс әртүрлі нысанда өткізіледі. «АТАМЕКЕН» кеңесінің міндеті – сыныптарға таңдалған бағыттар бойынша шығармашылық зерттеуді өткізуде көмек беру мен бағалау.

Соңымен қатар, «АТАМЕКЕН» мүшелерінен пікір-талас ойынының қазақ және орыс тілдерінде «Өркениет» және «Эверест» құрама топтары құрылған. Аталған топтар қоғамдық және саяси мәселелер төңірегінде ой қозғап, үнемі қалалық және облыстық пікір-талас ойындарына қатысып жүр.

Бағыттар аясындағы жүргізілген зерттеулерді ғылыми түрде дәлелдеу үшін мектебімізде «Зерде» оқушылар ғылыми қоғамы құрылған. Бүгінгі таң-

да қоғамға 153 оқушы кіреді. Бекітілген жоспар аясында қоғам мүшелері бағыт бойынша ғылыми жаңалықтарды ашып қана қоймай, түрлі қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық шығармашылық, зияткерлік сайыстарға қатысып жүр.

Қоғам мүшелерінің соңғы екі жылда барлық деңгейлерде жеткен жетістіктерін салыстырмалы диаграммалардан көруге болады.

Жыл соңында әр сынып мектепішілік «АТАМЕКЕН» фестивалінде зерттелген бағыттары бойынша өздерінің шығармашылық жобасын ұсынады. Фестиваль аясында буындар аралығында үздік сыныптар анықталып, 1-4, 5-8, 9-11 сыныптар арасында «Үздік жоба» атағымен марапатталады.

***Бастауыш сынып оқушыларына (1-4 сынып)*** олардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, «Домбыра-Дастан», «Наурыз», «Төрт түлік», «Ас», «Ою-өрнек» бағыттары таңдауға ұсынылған.

Мысалы, 1-сынып оқушылары ұлттық ою-өрнектердің шығу тарихын, түрлерін, мағынасын зерттейді және оларды оюға үйренеді.

***Орта буын оқушылары (5-8 сынып)*** «Шежіре», «Асыл мұра», «Жібек жолы», «Толғау», «Зергер» бағыттарын зерттейді. Аталған бағыттардағы ашқан жаңалықтары оқушыларға тарих, әдебиет пәндерінен білімдерін тереңдетеді. Сонымен қатар, мектепте бағыт аясында «**Шебер қолдар**» үйірмесінде ұлттық өрнектерді және зергерлік бұйымдарды жасау әдістерін үйренеді. Үйірме мүшелерінің жасаған жұмыстары қалалық, облыстық деңгейдегі республикалық «Халық қазынасын сақтаймыз!» сайысында жүлделі орын алып жүр.

«Мұрагер» және «Мирас» шығармашылық топтарының жобалары жылда сырттай облыстық «Зерде» жобалар байқауына қатыстырылады.

***Жоғары буынның (9-11 сынып)*** «Сөнбес жұлдыздар» бағыты оқушылар тарихи тұлғалар, ақындар мен жазушылар, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері туралы маңызды материалдар жинайды. «Мирас» шығармашылық тобының оқушылары жыл сайын өтетін қалалық, облыстық деңгейдегі сырттай «Халықтың ұлы тұлғалары» ғылыми жобалар және Лисаковск қаласының мұражайымен ұйымдастырылатын аймақтық «Отан неден басталады?» ғылыми жобалар байқауына қатысады.

Біздің оқушыларымыз әлеуметтік белсенділікті, академиялық дарындылықты танытып қана қоймай, сонымен қатар, туған елді сүйетін, елжанды тұлғалар. Мектебімізде 2012 жылдан бастап «Айбын» әскери-патриоттық клубы құрылған. Клуб мүшелері әскери дайындықтың негіздерін меңгеріп қана қоймай, мектептегі ішкі тәртіпті сақтауға көмек береді. Мысалы, «Азаматтық қорғаныс» күніне мектепішілік іс-шара және 7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне «Саптық әндер» сайысын өткізді.

**Қорытындылай келе,** мектептегі дарынды оқушылардың «АТАМЕКЕН»

ұйымы, «Зерде» ғылыми қоғамы және «Айбын» әскери-патриоттық клубы оқушыларды ұлттық мәдениетпен таныстырып, ұлтжандылыққа тартып, олардың рухани құндылықтарын қалыптастырады және аналитикалық мәдениетін, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады. Үздіксіз бастауыш және орта буында тәрбие үрдісімен интеграцияланған оқыту процесі 10-11 бейін сыныптарында бағдарлы оқытудың тиімділігін арттырады. Соңғы үш жылда жалпы мектеп түлектері ҰБТ-де 100% үлгірім көрсетіп келеді, ал дарынды оқушылар «Алтын белгі», «Ерекше аттестатпен» оқуды аяқтап, мемлекеттік грантты жеңіп, техникалық мамандықтарды жиі таңдауы байқалады.

Биология пәнін түлектеріміз жие таңдайтын болғандықтан және 12 жылдық білім беру моделіне көшу аясында бейін алды даярлықты дамыту үшін, биылғы оқу ж. мектебімізде биология-химия пәнінің жоғары санатты мұғалімі Өміржанова Сайран Еспайқызының авторлық 6 сыныпқа арналған таңдау курсы бағдарламасының негізінде «Ғылымдар интеграциясы» атты эксперименталды алаң ашылды. Алаң бағдарламасының авторлары І санатты ағылшын тілі мен орыс тілі пәндерінің мұғалімдері Бахтыбаева Айдын Камалқызы мен директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары. **Алаңның мақсаты:** Бейін алды даярлық аясында, интеграциялық түрде 6-сынып оқушыларын «Биология» пәнінең таңдау курсын тереңдетіп қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» (ОСКО) технологиясы арқылы оқыту. Алаң бағдарламасы кезеңдерге бөлініп, 3 жылды қамтиды.

**Бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтижелер:**

1. Мектепте 12-жылдық ЖМББ стандартының жетік деңгейін жүзеге асыруы мен орта буында бейіналды даярлықты, көптілді оқытуды қамтамасыз ету, функционалды сауаттылықты дамыту;
2. 6-сыныпқа арналған таңдау курсын сатылай, тереңдете оқытуы – келешекте кәсіпті саналы түрде таңдауға жетелейді;
3. Мектепте болашақта 12-жылдық ЖМББ стандартының 11-12 сыныптарда бейіндік оқытуды тереңдету арқылы биология-экологиялық бейінін ашу.

Психолог пен педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жүйесіндегі дарынды оқушыларды дамыту мәселелері нақты тұжырымдамаларға негізделіп, үнемі сараптамалық жұмыстардың жүргізілуі және оларға қолайлы ортаны құру, зерттеу жұмыстарының қорытындысы мен жеке жұмыстарының жүйелігі, білікті мамандарды тарту, соңымен қатар олардың бір-бірімен бірлесуі өз септігін тигізеді деп сенемін.

**Ж. АНУАРБЕКОВА,**
**«№15 орта мектебі» ММ**
**директорының**
**ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі**
**орынбасары.**
**Рудный қаласы,**
**Қостанай облысы.**

# Қазақтың ұлттық ойындары арқылы салауатты өмірге тәрбиелеудің мүмкіндіктері



**Эльмира Кияковна ИВЫШЕВА,**
**№1 Құсмұрын ЖББМ дене шынықтыру пәні мұғалімі.**
**Әулиекөл ауданы, Қостанай облысы.**

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектеп тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп кезеңде қалыптасады. Бұл орайда біз ұлттық ойындарға үлкен көңіл бөліп отырмыз.

Халық педагогикасына тән жалпы білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала – ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары – баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде тендесі жоқ құрал. Балалар ойындарында жас ерекшелік, физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалыс, тіл ұстарту, сөздік қорды молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар тапқырлықпен үйлесімді қиыстырылған. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы – ұлттық ойындар. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген. Балалық кездегі ойындарды тәрбие мәселесінен бөліп қарауға болмайды. Екеуі бірлестікте қарастырылады. Ұлттық ойын – халықпен бірге жасайтын өміршең құбылыс. Ол – балалық шақтың қайталанбас ескерткіші, әрбір тұлғаның, әрбір ұрпақтың кешкен өмірі. Ойыннан бастау алып, ертеңімен сабақтасатын тәлім-тәрбиені бойға қондырып, ойға дарытудың алғашқы машығы.

Халықтың ұлттық ойындарына тән ерекшелік бала ойыны деп жалпы аталғанымен, жеткіншектің жасына қарай ішінара топтастыруға боларлық сипаттар баршылық.

Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсінדірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар береді. Тәрбие жұмысын ұлттық дәстүрге сәйкес жүргізу, ал тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті,

парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында баска да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

1. Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады;

2. Ұлттық ойын баланы тек денесін ширатып, денсаулықтарын жақсартып қоймайды, сонымен қатар пәндерден алған білімдерін толықтырады;

3. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды;

4. Ойын шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді, т.б.

«Бес тас» – өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ол еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырларда пайда болған деп болжанады. Бұл ойынды кезінде жасөспірімдерден бастап ересек адамдарға дейін ойнаған екен. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас, немесе кейде бес асық болып келеді. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде бес тас ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бес тас» ойынының сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады. Ойыншыны жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететін, тарихы сонау ежелден басталатын таспен ойналатын ойынның «бес тас» аталу себебі ойында бес тастың пайдаланылуымен байланысты. Әр ойын өзіндік ережесімен ерекше. Бекітілген ережелері – ойынның қаңқасы іспетті. Ойынға әбден машықтанған адам мен қолына алғаш тас ұстаған ойыншыны ажырату оңай. Ал адамзат баласы еңбек құралдары есебінде тас, ағаш, сүйектерді қолданып жүргенде пайда болып, қалыптасқан бес тас ойынын ойнаудың өз ережелері бар. Кез келген ойын белгілі бір ережеге, тәртіпке бағынатыны анық. Бес тас ойынын да ата-бабаларымыз сондай бір керемет ережелермен бекіткен. Яғни бірінші қатысатын адам саны анықталады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу жоқ. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы асықтар таңдалып алынады. Көбінесе қойдың асық жілігі пайдаланады, бес асық таңдалады. Ойынды кімнің бірінші болып бастайтынын шешу үшін ойынға қатысушылар кезектесіп бес тасты алақандарына салады да, жоғары серпіп жіберіп, алақандарының сыртымен тосып алады да, қайта серпіп жіберіп, ендігі кезекте қолды серпе қаршып алады. Ең көп қағып алған ойыншы бірінші кезек алады да, қалғандары да сол ретпен кезекке тұрады.

Мен қазақтың ұлттық ойыны «Бес асық» ойынын оқушыларға үйретіп жүргеніме үш жылдай болды. Оқушылардың ойынға қызығушылықтары күнен күнге өсуде. Сабақтың үстінде де, бес табан ойынын қолданып отырамын. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Бірақ бес асық ойыны да саусақ моторикасын дамытуға көп әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда бес асық ойыны денсаулыққа пайдалы. Менің оқушыларым аудандық жарыстарға барып, жүлделі орын алып жүр.

Қорыта келе, ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің бірқатар мүмкіндіктері бар.

# Орта мектепте Ахмет Байтұрсыновтың идеясымен жаңартылған білім мазмұнының үндестігі

Алты алаштың басы қосылғанда төр ұстаздыкі» деген сөзді шығарған қазақ халқынан «ұлтым» деп ұрандар ұл мен қыз өсті. Дәл сол ұранды жүрегіне берік ту еткен ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлтым, елім, жерім деп ұран салар ұл бойында қандай қасиет болуы тиіс? Неге қазақ халқы Ахмет Байтұрсынұлы десе өзгеше көзқараста?

Алдымен, алғашқы бастамашы. Тарихқа терең үңілсек, газет – халықтың тілі һәм жүрегі. Осы жүректің соғуына ықпал жасап, халықты оятуға ықпал етіп, ол газет атауына халықтың өз атауын береді. «Қазақ» газеті. Мақсаты мен миссиясы айқын. Әр ісі тек халықты оң жолға салу, сауаттандыруға арналады.

Одан кейін, ғалым. Біз өзі өзімізді қамшылауды ұнатпасақ та, өзгеге мотивация беруді қатты ұнататын халықпыз. Ұлттың осы қасиетін аса байқампаздықпен байқай отырып, маса болып ызыңдап, бостандығыңды берген бас амандығыңнан бастап ояту мақсатындағы «Маса» жинағының авторы. Бұл жай жинақ емес, қазақ халқының қазіргі таңға дейінгі бағдаршамы іспетті. Одан кейін «тіл жұмсар», «баяншы» еңбектері жалғасын таба береді. Қазақ ғалымдары түк жазбаған, біз орыстарды басшылыққа аламыз деген әр адамға мен халық даналығынан бір үзінді, А. Байтұрсынов кітаптарынан бір үзінді көрсету жеткілікті дер едім. 2022 жылы Астана төрінде ұстаздар басын қосып, шетелден ғалымдар келіп, үлкен дәрістер жүргізілді. Бірақ, мәні мен мағынасын сол кезде А. Байтұрсынов ашып, айдар тағып, атау беріп кеткене еді. Тек біз Байтұрсыновтай ойлана алу қажетпіз. Ұлтын сүйген ұлдың ұлылығы мен еңбегінің орасан екендігінің дәлелі осы тұста.

Содан соң, елінің перзенті. Елдің ел болып қалыптасуы, болашағы оның тілінде. А. Байтұрсынов – әліппе авторы. Әр әріпті халықтың болмысына салып, жеңілден қиынға қарай оқу идеясының авторы. Қай әріптен кейін қай әріпті оқыту себебін жазып, талдап, дәлелдеген перзент. XXI ғасыр. Біз жаңалық аштық деп қуанудамыз. Білім жүйеміз – спиральді жүйе. Оңайдан қиынға қарай. Болашақта латын әліпбиіне көшіп, ғылымды тілмен байланыстырып жеңіл қыламыз дейді. Бірақ, біз осы тұста қазақ халқының перзенті о баста тайға таңба басқандай көрсетіп, жазып кеткен дүниесіне назар салмай, шетелден келген ғалымның сол А. Байтұрсынов айтқан ойды айтқанын барша ұстаз аңғарған болатын.

А. Байтұрсынұлының «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақаласы 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 14-нөмірлі санында басылған. Онда қазақ ауылдарында оқуды жаңа талаптардың негізінде қалай ұйымдастыру керек екені баяндалған. Мұнда көтерілген келесі мәселелер өз мағынасын жойған жоқ. Дәл осы мәселелер бүгінгі таңда да жаңартылған білім мазмұнына сай жаңарып отыратындығының дәлелі болды.

Сөзіміздің дәлелі ретінде 7-сынып қазақ әдебиеті пәні бойынша I тоқсанда «Ең басты байлық» тақырыбын оқытарда 7.1.6.1-коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу [1; 18-б.] деген мақсатты А. Байтұрсынұлы «Тіл – құралда» дағдыландыру, сынау деген сөздер кездеседі. «Тіл – құралмен» балаларды оқытқанда, әр ереже туралы аңдату ережесі болғаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем-сөйлем сөздерді мақал-мәтелдерді үлгіге алып, олардың ішінен ережеге келетінін жерлерін балаларға тапсырып, басқаларға айттыру деп аяқтайды. Яғни, жаңартылған білім мазмұнына сай келіп отырғандығы, ғалым ойларының астасуы, үндесуі кешегі мен бүгінгінің тура айғағы. [1; 71-б.] Бұл жерде сабақ өтпес бұрын сабаққа қойылған мақсатқа мұқият назар салар болсақ, мақал-мәтелдерді қолдана отырып, пікірталаста, яғни А. Байтұрсыновша айтсақ, «ережеге келетінін жерлерін балаларға тапсырып, басқаларға айттыру» яғни, пікіріңді өзге оқушыларға айт, мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп, оны талқылау дегенді тура нақ айтып отыр емес пе?!

Қазақ әдебиеті емес қазақ тілін оқыту барысында да ғалым пікірлермен, еңбектеріндегі негізгі идея үндестік тауып отырады. «Тұманның пайда болуы» тақырыбын өту барысында 7.1.5.1-проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау деген оқу [1; 27-б.] мақсаты қойылған болса, ол А. Байтұрсынұлының «Баяншысында» оқу үйренгенде басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу [4; 276-б.] деп келтіреді. Яғни, бұл ой да қазіргі таңдағы оқу мақсаттары жаңартылған білім мазмұнымен сабақтасып, үндесіп жатқандығын көре аламыз. Талдап нақытылап айтсақ, «деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыр» деген мақсат А. Байтұрсыновта «керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу» яғни, оқи отырып, тақырыптан нақты керек сөзді (деректі) таба біл, жазылған сөзді оқы дейді. Оқу ол өзге сыныптастарына , мұғалімге таныстыру. Қазіргі білім мазмұнына сай айтар болсақ, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру емес пе?!

Сонымен қатар, 10-сыныпта әде-

биет сабағында «Абай ақынның балаларына арнауы» тақырыбын өту барысында 10.3.3.1-шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу [2; 42-б.] деген мақсат қойылады. Бұл мақсат бойынша оқушылар шығарманы оқи отырып, адамгершілік қасиеттерін автор шығармаларынан таба білу және эссе жазуға дайындық және үй тапсырмасына яки сабақ барысында эссе жазу мақсаты қойылады. Бұл туралы А. Байтұрсынұлының «Жазу да, оқу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс.

Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгіл, әрі барған сайын қайсысын да болса өнер түрге айналдырып, әдемілеп жазу, безендіріп оқу қолынан келетін болады.

Сауаттау әдісінің қызметі жазу мен оқу әдісін алғанша бастапқы кезде болатын қиындықты кеміту, не жоғалту үшін, жүруге үйренгенде балаларға беретін сүйеніш арба сияқты, ши-аяқ тебуге үйренгендерге беретін сүйеніш шана сияқты көмек беру» [3; 317-б.] Қазіргі таңда білім беру саласында шығарма, диктант (жазба жұмысы) мектеп бағдарламасында жоқ. Оқушының сауаттылығын және қазақша білу деңгейі мен сауатты жаза алуын эссе арқылы бағалаймыз. А. Байтұрсыновша айтсақ: «Жазу да, оқу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс» болып тұр.

Қазақ тілі сабағын оқыту барысында «Желдің пайда болуы» тақырыбында 7.2.6.1-оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу [1; 36-б.] мақсаты қойылады. Бұл туралы ұлт ұстазы өз еңбектерінде былай келтіреді «Әдебиет танытқыш» Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы деп келтіреді. Яғни оқу барысында жоғарыда да атап өткеніміздей, оқылым стратегияларының негізі басы нақтылап оқып танысу, баяндамасы – комментарий жазу, қорытпасы – керек жерін іріктеп алуды оқушыға үйрету. Міне, қазақ балаларына берген теориялық ақпараттардың тілге жатық болғаны соншалық, қанша ғылыми, қанша жерден өзгеріске ұшыраса да тура А. Байтұрсынов қалыптастырып кеткен қалпын сақтап тұр. Сөзіміздің тағы бір нақты айғағы, А. Байтұрсынұлы ұлт ұстазы деген атау тек жыл сайын өзінің жаңа кейіпін киіп, жаңғырып отыратыны сөзсіз.

Қазақ оқулықтарын жазумен қатар, оқыту методикасына тыңғылықты дайындалып, бастауыш білім беру мен әдебиет теориясына баса басымдылықты беруі ғасырлар бойы жаңғырып отыратын әдіс-тәсілдер топтамасы мен оқыту методологиясын жасауы тек ұлт ұстазына тән қасиет екендігі даусыз. Қазақ тілі оқулығының да, қазақ әдебиеті оқулығының да негізгі ойы үндестік тауып жатыр.

Білімді ұлттар бір-бірінен көшірмейді, білім жарысына түсуі керек. Ең керек әдісті білім беретін мұғалім таң-

дап, қазақ балаларына саралай алады. Білімді ел ол ет жеу, қымыз ішу емес, ауырды жеңілдету, әлемді тану үшін керек. Неше түрлі ғылым ол ауырды жеңілдету мен рахатты молайту үшін арналған нәрселер. Істердің ішіндегі ең керемет іс – ол білім жарысы.

Білім жарысы дегеніміз – бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді. Оны жұртқа мәлім етеді. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан ғалымға, өнерден жаңа жол тапқан адамға, яки пәлен турасында кітап жазып шығарған адамға береді деп ғалым елге түсіндіріп, білімді ұлт болуға тек білімалушыларды емес, барша халықты шақырады. Ұлт ұстазының әр еңбегі әр сөзі қазіргі таңда өз өзектілігін жойған жоқ. Білім жарысының түр-түрі шығып, А. Байтұрсынов дәуірінде білімді адам болғанымен, білім беру үшін жағдайдың жасалмағандығы, оқулықтардың жоқ болса да, барша қазақ ұлтын білімге шақырып, тек ел үшін істеген әр қызметі ескерусіз қалмады.

Жоғарыдағы деректер замануи ұстаздар мен ұлт ұстазының үндестігі деп білемін. Ендігі айтпағым, А. Байтұрсынұлы туралы өскелең ұрпақтың тек 5-сыныпта А. Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» және «Егіннің бастары» мысалы ғана берілген. 5-11 сынып аралығында А. Байтұрсынұлына аз сағат бөліну қаншалықты заңды? Білім саласына өзгеріс енбесе де, сағат санына өзгеріс енуі қажет деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, Ұлт жанашыры А. Байтұрсынұлының тұлғалық болмысын турасынан еңбек жолы іс--әрекеті арқылы бағамдап, ол ұлтын, ұлты оны шексіз жақсы көргендігін аңғардық. Елі мен жері үшін аянбай тер төккен А. Байтұрсынұлын білдік. Ұлтқа бәрінің жаны ашуы мүмкін бірақ халықтан бата мен алғыс алу қиын. Оны елім үшін деп емес, перзенттік парызым деп жасаған А. Байтұрсынұлы үлгі болар ұлтының ұлы, бейнесі.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ермекова Т., Абдирасилова Г., Оданова С., Мунасаева Р. 7-сынып қазақ тілі оқулығы «Арман ПВ», 2017;

2. Дерибаев С., Орда Г., Сатылова А. 10-сынып қазақ әдебиеті оқулығы, «Мектеп», 2019;

3. Байтұрсынұлы, А. Алты томдық шығармалар жинағы 5-том / А. Байтұрсынұлы; Жауапты шығарушы Имаханбет Р.С. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.

4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудың тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер). 4-том / А. Байтұрсынұлы. - Алматы: «Алаш», 2006. - 320 б.

**Ақнұр ШАМШАДИНҚЫЗЫ,**
**ҚазҰлтҚызПУ-дың 1-курс**
**докторанты.**
**Алматы қаласы.**

# Дәуірдің дара тұлғасы А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған әдеби—сазды кеш

**Мақсаты:**

1. Білім алушыларға Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру;

2. Ақын өмірін білім алушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу;

3. Білім алушылардың танымдық деңгейін дамыту.

**Сабақтың өту барысы:**

- Бүгінгі әдеби кешіміз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады.

Ахмет Байтұрсынұлы. Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен-қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

- Ахмет Байтұрсынұлы өмірі туралы не білеміз, қане ортаға салайық. Ол кісі қай жылы, қай өңірде дүниеге келген?

Ахмет Байтұрсынов секілді біртуар ел перзенттерінің еңбегінің еленіп, есімінің ел тарихында алтын әрпімен жазылуын қамтамасыз ету қазақ тілі мен әдебиетінің ілмегін іліп, зияткер ғалымдардың соңын жалғаған біздің мойнымызда. Ұлттың ғылым-білімге көзін ашқан данасы, рухани тұлға тұтып ұлықтар ұлт ұстазы – Ахметі бар қазақ жұрты қандай бақытты!

**1-оқушы:**

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын- аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

**2-оқушы:**

Ахмет Байтұрсынұлы – қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдан 1927-1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліпбиімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

**3-оқушы:**

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әнкүй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В. Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген.

**4-оқушы:**

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 ж.ж. әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл

мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 ж. Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады.

**5-оқушы:**

1895 жылы 1 маусымнан бастап мұғалім болады. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылық саясатын айыптайды.

**6-7-оқушылар:**

1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан, кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең-жыр тудырады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл бедел-атағы өсе бастайды.




Ақынның өлеңдері оқылады.

«Оқуға шақыру» өлеңі.

«Адамдық диқаншысы»

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым, екі аяқты -
Адамдық айуанға қанша қажет
Жаратқан малды құдай не керекке -
Мінуге, сою, соғу, жөндемекке.
Жорта бер қамыт киіп, қамшынды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.
Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап.
Есептен алдағандай болғандар көп,
Жасықты, асыл ма деп, білмей қайрап.

**Жүргізуші:** Ахмет Байтұрсынұлы – ақын және аудармашы. Оның өлеңдері «Қырық мысал», «Маса», «Үзік» деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған. «Масаға» енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы (презентация).

Сонау қылышынан қан тамған қаһарлы жылдары жазықсыз мыңдаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударылып кетті. Кейбір деректерге қарағанда 6 млн. адам қуын-сүргінге ұшырап, оның 900 мыңдайы атылған. Сондағы 25 мыңға жуық қазақтың ішінде бес арысымыз: Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы болған еді.

...Адам өмірінде болатын аумалы-төкпелі уақыт қайғысымен де, қуанышымен де ерекше айқындалатын болса керек. Ахмет Байтұрсынұлы тағдыр толқындарынан, қайғы-қасірет сілкіністерден, тар жол тайғақ кешулерден өткен еді...

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша үкіметінің әділетсіздігіне қарсы наразылық білдірушілердің қатарында болғаны үшін, 1909 жылы Семей түрмесіне қамауға алынады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерде тұруға үкім шығарып, 1910 жылдың наурызынан 1917 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында тұрады. Семей түрмесінде жатқанда анасына арнап «Анама хат» атты өлең жазды.



«Анама хат» өлеңі

Қарағым, айналайын, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хақ тағалам,
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.

Репрессия құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының тағдырынан сахналық көрініске кезек берейік.

**ОГПУ тергеушісі (сұсты қатал үнмен):**

- Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы Торғай губерниясында бай-болыстың семьясында туған. Ұлты – қазақ. Ол үкіметке қарсы «Алаш» партиясы – ұлтшылдардың жасырын ұйымын құрған. Бұл партия Совет үкіметіне қарсы қастандықтар ұйымдастырған. Байтұрсынов – жат пиғылды, революцияға қарсы, еңбекшілдер үкіметін жек көретін адам. Барып тұрған халық жауы. Байтұрсынов жасырын қазақ ұйымына енген және ұйымдастырушылардың бірі, ол жасырын түрде ұлтшылдық бағыттағы «Алаш» партиясын ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған. Қылмыстық істер кодекісінің 58-бабының 7, 8, 11-тармақтарына сай Ахмет Байтұрсынов атылсын!

(*Тергеуші Ахметті жұлқып әкетіп бара жатады)*

Ахмет:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны...
Хош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,
Айдай бер қалса адамның қуылмаған.

(*Ахметті жұлқып алып кетеді, сахнаға Ахмет қайра шығады)*

**Ахмет:**

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа не алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары-көр,
Мен жоқ болман көміліп тәніммененен.
Тән көмілер,көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса-ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін.

1937 жылы екінші рет ұсталып, сталиндік репрессияның пышағына ілініп, атылады. Қазақ халқы өзінің рухани көсемінен осылайша мәңгіге айрылды.

Асықпаңдар! Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, көрлеріміз қазылар...

- деп, өзі айтқандай 1988 жылдың 4 қарашасында Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты Ахмет Байтұрсыновты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді.

**Жүргізуші:**

- Ахмет Байтұрсынұлы – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – соңынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахмет Мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахмет өзінің басшысы деп санайды. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

- Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

**Қорытынды:** Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінің тарихи тұлғасы, қазақ ұлтының рухани көсемі, XX ғасырдың реформатор ғалымы. Халқын жайлаған қараңғылықты тым ерте аңғарған Ахмет қызметін Ақтөбеде, Қарқаралы уездерінде, ауылдық, облыстық мектептерде мұғалім болудан бастайды. «Құл халыққа адамшылық тұқымын шаштым» дегенді сол кездері жазған. Ахмет ағартушылықтан өз халқының мұқтажын іздеді. Сауаты, саңылауы жоқ надан қазақты қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай, өрге сүйреген ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Ахметтің рухына тағзым ете отырып, бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

**Майра Егізбайқызы ЖАМАНКУЛОВА,**
**Кентау көпсалалы колледжі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.**
**Түркістан облысы.**

# Сөйлеу тілі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың көру—моторикалық координациясын дамыту ерекшеліктері

***Аңдатпа.*** *Мақалада сөйлеудің жүйелі дамымауы кезінде мектеп жасына дейінгі балаларда көру-моторикалық координациясын үйлестіруін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Көру-моторикалық координациясы – бұл визуалды және моторлы анализаторлардың бірлескен және бір мезгілде жұмыс істеуі нәтижесінде қозғалыстар мен олардың элементтерінің үйлесімділігі. Сөйлеудің жүйелі дамымауы кезінде мектеп жасына дейінгі балаларда көру-моторикасын үйлестіру дағдыларын дамыту өте маңызды, өйткені баланың бүкіл өмірі сурет салу, жазу, сонымен қатар көптеген әртүрлі тұрмыстық және оқу әрекеттерін орындау үшін қажет қолдар мен саусақтардың дәл, үйлестірілген қимылдарын қолдануды қажет етеді. Жазу – бұл көру-моторикасын, бүкіл денені дұрыс үйлестіруді, бүкіл қолдың бұлшық еттерінің үйлесімді жұмысын және қолдың ұсақ бұлшықеттерінің жұмысын қажет ететін күрделі үйлестіру дағдысы.*

***Түйін сөздер:*** *сөйлеудің жүйелі дамымауы, көру-моторикасын үйлестіру, түзету-логопедиялық жұмыс, мектеп жасына дейінгі балалар.*

Кіріспе. Мектепке дейінгі білім берудің федералды білім беру стандарттарында (ДО федералды мемлекеттік білім беру стандарттары) мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының мақсаттары мен міндеттері көрсетілген. Стандарттарды іс жүзінде жүзеге асыру мектепке дейінгі білім беру ұйымының түлегі ауызша сөйлеуді жақсы біледі, сонымен қатар жалпы және қол моторикасын дамытады, өз қозғалыстарын басқара алады деп болжайды. Баланың алған дағдылары жазу процесінде көрінетін графомоторлық дағдыларды қалыптастырудың алғышарттары болып табылады.

